



# ЕЛ ТЫНЫСЫ ӘКІМ ЕСЕБІНДЕ

**«Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет». «Еститін мемлекет» ұғымын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуінің негізі» Жолдауында алғаш рет енгізілген болатын.**

«Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бәрімізге ортақ міндет. Билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болады. Сондықтан азаматтық қоғамға қолдау көрсетіп, оның әлеуетін нығайта түсу керек. Сондай-ақ, аса маңызды жалпы мемлекеттік міндеттерді шешу үшін талқылау жұмыстарына азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кеңінен қолдану қажет» - деген болатын Қ.Тоқаев.

«Тыңдаушы мемлекет» – ел азаматының мүдделері іргелі болып табылатын және онда мемлекеттік органдар мен қоғамның өзара іс-қимылының тиімді тетігі құрылған мемлекет. Ал азаматтардың барлық сындарлы өтініштеріне мемлекеттік аппараттың жедел және тиімді ден қоюы, сондай-ақ оларды шешу үшін ең өзекті ұлттық проблемаларды талқылауға азаматтық қоғамды тарту басымдықтары болып табылады.

Бұл ретте әр деңгейдегі әкім есептері Мемлекет басшысының жолдауларынан туындаған басым міндеттер. Еліміз бойынша барлық деңгейдегі әкімдердің есеп беру нақаны басталды. Әкімдердің ел алдында есеп беруі атқарылған жұмыстарды тиісті деңгейде бағалап, орындалмағандарын жедел түрде шешу үшін күш жұмылдыруға және де алдағы міндеттерді айқындап, нақтылауға мүмкіндік туғызбақ.

25 қараша күні Сарытерек ауылдық округінің әкімі Қанат Серкебаев 2025 жылдың екінші жарты жылғында атқарылған жұмыстар мен алда тұрған міндеттер бойынша есеп берді.

–Өткен жылы округтің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету бағытында бірқатар жұмыстар атқарылды. Сарытерек – елдіктің берік ұясы, ынтымақ пен еңбектің ауыл-аймаққа тірек болған мекені. Сарытерек ауылдық округінің халық саны – 630 адам, оның ішінде экономикалық белсенді тұрғындар – 463 адам. 2025 жылы округтегі демографиялық көрсеткіштерде оң өзгерістер байқалды. 2 жас отбасы тұрмыс құрып, ауылдағы жас шаңырақтар саны артты, 9 сәби дүниеге келді. Бір отбасы егіз, тағы бір отбасы үшем сәби сүйіп, ауыл халқын ерекше қуанышқа бөледі. Жалпы жер көлемі 284 707 га аумақты алып жатыр. Әкімшілік-аумақтық бөлінісі бойынша Сарытерек, Жетімшоқы, Ақтұмсық елді мекендері кіреді.

2025 жылдары атқарылған жұмыстар төмендегідей. 2024-2025 жылдарға арналған Сарытерек ауылдық округі бюджетінің кірістер құрылымына тоқталсақ. 2024 жылы бюджеттің кірістер 86 601,0 мың теңгені құраса, 2025 жылы 44984 мың теңгені құрады. 2024 жылы салықтық түсімдер 48449,4 мың теңге. Оның ішінде табыс салығы - 42547,0 мың теңге, меншікке салына-



тын салықтар - 3849,3 мың теңге, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем - 2053,0 мың теңге, Мемлекет меншігіндегі мүлкті жалға беруден түсетін кірістер - 708,0 мың теңге. Аудандық бюджеттен трансферттік түсім 37444,0 мыңды құраса, 2025 жылы салықтық түсімдер 27742,0 мың. Оның ішінде табыс салығы - 16789,0 мың теңге, меншікке салынатын салықтар - 7038,0 мың теңге, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем - 3915,0 мың теңге, аудандық бюджеттен трансферттік түсім 16634,0 мыңды құрады.

2024 жылға арналған Сарытерек ауылдық округінің бюджет шығыстары 87170,0 мың теңгені құрап 100% игерілді. Атап айтатын болсам, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге 65479,0 мың теңге, мемлекеттік органның күрделі шығыстары 14442,1 мың. Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыруға 1989,0 мың, елді мекендердің санитариясын қамтамасыз етуге 495,0 мың, елді мекендерді абаттандыру мен



көгалдандыруға 3763,0 мың, ауылдық округте автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге 1000,0 мың, қаражат жұмсалды.

Ал 2025 жылға арналған Сарытерек ауылдық округінің бюджет шығыстары 55934,0 мың теңге болып бекітілді. Атап айтатын болсам, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге 43438,0 мың, Мемлекеттік органның күрделі шығыстары 1000,0 мың, елді мекендердегі көшелерді жарықтандыруға 1500,0 мың, елді мекеннің санитариясын қамтамасыз етуге 347,0 мың, елді мекенді абаттандыру мен көгалдандыруға 8548,0 мың, ауылдық округте автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге 1100,0 мың, ( қыс уақытында елді мекен жол қатынастарын қардан тазаруға 1100 мың теңге ) қаражат болып бекітілді, - дейді өз

баяндамасында ауыл басшысы Қ.Серкебаев.

Еліміздің экономикалық әлеуетін көтеретін негізгі күретаымыр – ауыл шаруашылығы. Асыраушы саланың егіншілік, жеміс-жидек, көкөніс, төрт түлікті түлету, тағы басқа да толып жатқан бағыттары бар. Өткен жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқының 40 пайызға жуығы ауылда тұратынын мәлімдеп, Үкіметке ауылды дамытудың 5 жылға арналған жоспарын әзірлеуді тапсырған болатын. Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарында дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Ж ар л ы қ қ а да қ ол қ о й д ы . Агроөнеркәсіптік сала бойынша Сарытеректе өркен жайған өрелі іске бет бұрсақ округ аумағында 68 шаруа қожалығы тіркеліп ұмыс жасайды. Бүгінде ауылдық округтің 12 шаруа қожалығы асыл тұқымдық түрлендіру бағытындағы жұмыстарын жалғастыруда екен. Шаруа қожалықтарын жаңа ауыл шаруашылық техникаларымен қамтамасыз ету бойынша да бірқатар жұмыстар атқарылған. Округтің 187 510 гектарын ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылуда. Ауыл әкімінің ақпарынада айтып өткендей мал шаруашылығы бойынша 2024–2025 жылдардағы көрсеткіштер төмендегідей. Ірі қара мал 2024 жылы 8 865 бас болса 2025 жылы 8 790 бас. Ұсақ мал 2024 жылы 11 784 бас болса, 2025 жылы 12 642 басты құраған. Жылқы 2024 жылы 5 025 бас, 2025 жылы есеп бойынша 4 623 бас. Құс

2024 жылы 2 072 бас, 2025 жылы 962 бас. 2025 жылғы жазғы қуаңшылық салдарынан зиянкестердің көбею қаупіне орай ауылдық округ аумағындағы жерлерге шегірткеге қарсы дәрілеу жұмыстары толық көлемде жүргізілген.

–Қазына қаржысы екі мақсатқа қана жұмсалыуы тиіс. Ол — экономика мен әлеуметтік мәселелерді шешу. Президент пәрмен берген қос бағыт та әлеуметтің әлеуетін арттыруға бағытталған. Алдымен — білім сапасы. Өйткені білімі жоқ елдің - болашағы бұлыңғыр. «Бір елдің болашағын көргің келсе, сол елдің жастарына қара» - деп ғұламалар айтқандай, еліміздің негізгі тірегі - білімді, білікті жастар. Жас ұрпақтың бойындағы табиғат берген қабілеттілікті тани білу, жан-жақты дамыту - бүгінгі күннің басты талабы. Жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру мұғалімнің, ұжымның бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып жұмыс істеуін талап етеді. Осы орайда ынтымағы жарасқан, нәтижеге бағытталған білім беру ісінде табысты жұмыс жасап келе жатқан округтегі Ж.Кеңесбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ. Білім ұясында барлығы 30 мұғалім еңбек етеді. Қазіргі таңда 74 оқушы білім алу үстінде, 11 сынып

толық жинақталған. Мектеп қабырғасында қосымша білім беру бағыты бойынша робототехника, гидропоника сыныптары ашылып білім беріп жатыр. Мектеп жанында 1 шағын орталық жұмыс істеп, онда 15 бүлдіршін тәрбие алуда.

«Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды» демекші қазақстандықтардың денсаулығын жақсарту – еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі. Елімізде денсаулық саласын дамыту, тұрғындарға заман талабына сай, қолжетімді және сапалы медициналық қызмет көрсету жолында бар мүмкіндіктер жасалуда. Ал, денсаулық сақтау саласы бойынша ауылдық округте 1 отбасылық емхана қызмет көрсетеді.

Емханада 4 білікті медицина қызметкері жұмыс істеп, ауыл халқының денсаулығын қадағалап отыр.

Кез келген мемлекеттің, қоғамның ілгері басуына оның құрылыс, сәулет саласына қарап баға беруге болады. Құрылыс саласы – қашанда экономиканың негізгі іргетасы екендігі айқын. Сондықтан да, құрылыс саласының дамуы елдің экономикалық күш-қуаты мен әлеуметтік жағдайының артуына тікелей байланысты. Ауылдық округ көлемінде жыл ішінде атқарылған инфрақұрылым және абаттандыру жұмыстарын тілге тиек етсем 2025 жылы округ бойынша бірқатар маңызды жұмыстар жүзеге асырылды. Жетімшоқы ауылына 4 600 мың теңгеге балалар ойын алаңы салынды. Сарытерек ауылындағы ойын алаңы 2 700 мың теңгеге жөндеуден өткізілді. Көше жарықтарына 400 мың теңге көлемінде ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ақтұмсық ауылында тозығы жеткен КТП 3 900 мың теңгеге жаңартылды. Сондай-ақ, Сарытерек ауылында істен шыққан су мұнарасы жаңасымен алмастырылды.

Көп жылдан бері шешімін таппай келген маңызды мәселе – Жетімшоқы және Ақтұмсық елді мекендеріне ауыз су құбырлары тартылып, халықтың пайдалануына берілуі.

Бұл ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын айтарлықтай жақсартқан ауқымды жоба болды. Аталған жұмыстарды сапалы атқарған Ақтоғай-су мекемесінің ұжымына ауыл халқының атынан алғысымыз шексіз.

Атқарылған барлық жұмыстар – сіздердің қолдауларыңыздың, бірлігіңіз бен ортақ мақсатқа бағытталған еңбектің нәтижесі. Алдағы уақытта да ауылымыздың өсіп-өркендеуі жолында бірге еңбек ете береміз.

Сонымен қатар алдағы жылға қойылған межелі міндеттерді атап өсек, ауыл ішілік жолдарды қосымша жөндеу, көше жарықтарын толықтай жаңарту және жаңа шамдар орнату маңызды міндет. Жастарға арналған шағын спорт алаңын күшейту және қажет болса кеңейту, әлеуметтік нысандарға жөндеу жұмыстарын жалғастыратын боламыз. 2025 жыл Сарытерек ауылдық округі үшін әлеуметтік, инфрақұрылымдық және демографиялық бағыттарда нәтижелі болды. Тұрғындардың қолдауы мен белсенділігі ауылдың алдағы дамуына серпін береді, - дейді ауыл әкімі Қ.Серкебаев.

Жиынды қорытындылаған Сарытерек ауылдық округінің әкімі Қанат Серкебаев ауылдарды дамыту мен гүлдендіру – үкімет алдындағы үлкен мәселенің бірі екенін айтып, күн тәртібіндегі түйінді түйіпкілдерге жауап берді.

**Думан ҚАБЫЛ, Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылдық округі**